

Nurly ÓLKE

QOĖAMDYQ- SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 17 (737) 20.4. 2023

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurliolke.kz

ҚАЛАНЫҢ КЕЛЕШЕК КЕЛБЕТІ



ҚАЛАНЫҢ ДИЗАЙН – КОДЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН. КЕЛЕШЕКТЕ ӘСЕМ ШАҒАРҒА АЙНАЛАТЫН ҚАЛАНЫҢ БҮГІНДЕ ЖОБА - ЖОСПАРЫ ЖАСАЛЫНУДА. СОНЫҢ БІР АЙҒАҒЫ – ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ КӨШЕЛЕРІ МЕН ҒИМАРАТТАРЫН БЕЗЕНДІРУДІҢ БІРЫҢҒАЙ ДИЗАЙН-КОДЫН ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫНЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ ӨТТІ. КЕЗДЕСУДІ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ НҰРЖАН ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ АШЫП, БОЛАШАҚТАҒЫ ҚАЛА КЕЛБЕТІН ТАЛҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА АРНАЙЫ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫМЕН БАС ҚОСЫП ОТЫРҒАНЫН ЖЕТКІЗДІ.

Алғашқы болып жоба таныстырылымын жасаған «Almaty region master plan» ЖШС директоры Арсений Пирожков бірыңғай сәулет стилінің параметрлері «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және

құрылыс қызметі туралы» Заңда жазылғанын атап өтті. Дизайн кодының басты мақсаты – осы өңірдің ерекшелігін айқындай отырып, қала тұрғындары үшін жайлы орта қалыптастыру екеніне тоқталды. Осы орайда үй-

лердің қасбеттерін көркемдеп, алаңдарды абаттандыру, жаяу жүргіншілер жолын жасау, велосипед жолдарын ерекше түске бояу, қаланы жарықтандыру мен жасылдандыруға қатысты өз ойларымен бөлісті.

(Жалғасы 2-бетте)

ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМІ

ҚАРИЯЛАР БЕРЕКЕ-БІРЛІК ТІЛЕДІ

ӨТКЕН ЖҰМАДА ҚМДБ-НЫҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӨКІЛДІГІНІҢ ИГІ ІСІН ЖАЛҒАСТЫРЫП, ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРЛАН ҚҰМАТАЕВ «ҚАРАТАЛ» МЕЙРАМХАНАСЫНДА ДАСТАРХАН ЖАЙЫП, АУЫЗАШАР БЕРДІ.



Ауызашар дастарханына ауданның құрметті ақсақалдары, мекеме, ұйым қызметкерлері, мекеме басшылары, ақ жаулықты аналар, қоғам белсенділері және арнайы мешіт жамағаты шақырылды. Ауыз ашылып болған соң Алматы облысының бас имамы Мадияр Пірімқұлов өмірден озған ата – баба әруақтарына арнап Құран бағыштады. Мұнан кейін дастархан басында елдің ауызбірлігі мен ынтымақтастығы тақырыбында келелі әңгімелер өрбіді.

Шара барысында қала басшысы Нұрлан Орынбасарұлы көпшілікті Рамазан айымен құттықтап: «Қасиетті Рамазан айында ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын. Бұл ай қасиетті ай, береке - бірлігімізді нығайтатын ерекше ай. Өр шаңыраққа құт - береке, амандық тілеймін.

(Жалғасы 2-бетте)

МЕДИАЦИЯ

МЕДИАТОР – БІТІМГЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ

ЖАҚЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА «ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ РЕТТЕУДЕГІ МЕДИАТИВТІК ТӘСІЛДІ ОҚИТУ» СЕМИНАР-ТРЕНИНГІ ОЛЫП ӨТТІ.

Семинар-тренингті бизнес-тренер, кәсіби медиатор, ҚХА Медиация кенесінің мүшесі, техника ғылымдарының кандидаты, Қазақ Ұлттық университетінің доценті, «Парасат» медиация және құқық орталығының директоры Гүлмайдан Оразбаева мен «Парасат» медиация және құқық орталығының тренер медиаторы Мұхтар Адаев жүргізді.

Іс шараға «Қоғамдық келісім» КММ және филиалдарының қызметкерлері, Алматы облыстық және аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімдерінің басшылары мен қызметкерлері, білім мекемелерінің қызметкерлері, ауылдық округ әкімдерімен мамандары, «Жастар ресурстық орталығы» КММ және полиция



қызметкерлері, «Аналар кенесінің» төрағалары, қоғамдық медиаторлар және этномәдени бірлестіктердің төрағалары, Тәжік-ауған соғысы ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Болашақ бағдары» ҚБ төрағасы қатысты.

2011 жылы 28 қаңтарда «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды және 2011 жылы 5 тамызда қолданысқа енгізілгені қарапайым халықтың хал-ахуалына үлкен көмек болғаны рас.

Медиация - бірнеше мағынаға ие. Арада, ортада тұру, әділ, бейтарап, делдалдық ету мағыналарын білдіреді. Өзара қолайлы шешімге келу мақсатында медиаторлардың көмегімен тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын дауды (жанжалды) реттеу рәсімін медиация деп атайды. Медиатор – делдал, бітімгер. Дауды шешу үшін делдал-бітімгерлерге жүгіну соңғы уақытта ойлап табылған құбылыс емес, мұның тарихи және мәдени түп-тамыры тереңде жатыр.

Медиация заманауи бағытта ХХ ғасырдың екінші жартысында дами бастады, ең алдымен англо-саксондық құқық орнаған елдерде – АҚШ, Австралия, Ұлыбритания, содан соң Еуропаға да тарады.

(Жалғасы 2-бетте)